

ҒТАХР 18.41.09

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ ДИРИЖЕРЛІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

С.М. Байжанова¹

¹аға оқытушы,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail:saule_moldahmetovna@mail.ru

Мақала ұлы композитордың шығармашылығымен қатар дирижерлік тұлғасының керемет көрінісін ашады. Көрнекті дирижердің өнердегі өзіндік шығармашылығы және бірегей қасиеті естеліктермен ерекше тұлға ретінде сипатталады. Оның дирижерлау әдіс – тәсілдеріндегі өзгеше даралығы қарастырылып, сондай-ақ ұлттық мәдениет қазынасына қосқан теңдесі жоқ үлесі жайында айтылған.

Түйін сөздер: дирижер, оркестр, прима-қобыз, домбра, штрих, композитор, шығармашылық

Еркеғали Рахмадиев: «Н.Тілендиев бір ғасырда бір туып, ғасырлар бойы өзінің өнерімен халқының ортасында өмір сүретін тұлға», - деп жазған еді. XX ғасырдың аса дарынды композиторы, шебер дирижері, музыка тарихына алтын әріппен жазылған ерекше тұлға - Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің есімін еске алсақ, ең алдымен, ешкімге ұқсамайтын дирижерлік тұлғасы көз алдыңызға келеді.

2017 жылдың наурыз айында ҚР Ұлттық кітапханасында өткен «Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру» тақырыбында өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатыстым. Н.Тілендиев атындағы Халықаралық қоғамдық қоры, «Ақ орда» республикалық қозғалысы, М.Әезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы қалалық ардагерлер Кеңесімен бірлесіп ұйымдастырылған конференцияға еліміздің музыка, мәдениет саласындағы белгілі мамандары мен ғалымдар қатысты. Қатысушылар композитор Н.Тілендиевтің шығармашылығы мен өнері еліміздің рухани, мәдени қазынасындағы құнды шедеврлері ретінде халықтың асыл мұрасына айналғанын мақұлдады.

Дарынды дирижер, композитор Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, екінші курстан соң Мәскеу қаласындағы П.И.Чайковский атындағы консерваторияда проф. Н. П. Аносовың класы бойынша бітірді. Абай атындағы опера және балет театрында (1953–1961), қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінде (1961–1964) дирижер қызметін атқарды. Сонымен қатар, «Қазақфильм» киностудиясында музыка редакциясының бас редакторы болып, қазақ киносын әсем әуенмен әрлеген композитордың жемісті еңбектерінің үлгісін қазақ киносына жазған музыкаларынан да, танып білеміз Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО ның халық әртісі. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Н.Тілендіұлына 1998 жылы «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Мәдениетіміз бен өнер саласында көрнекті ұйымдастырушы ретінде Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияның жанынан 1982 жылы тікелей өзінің ұйымдастыруымен әлемде теңдесі жоқ «Отрар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің негізі қаланды. Бұл - еліміздің музыка әлемінде халық жүрегіне жол тапқан жаңашыл, әсіресе аспаптық музыка өнерінде ерекше бастама болды. Сол алғашқы күннен бастап, өмірден өтер күніне дейін осы оркестрдің бас дирижері және көркемдік жетекшісі болып жұмыс істеді.



Адам өмірінде өнердің мақсаты – шығармашылық арқылы дүниені, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру болып табылады. Ішкі сезім мен жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін адам баласының қоғамдық, саналылық, эстетикалық, тұлғалық, даралық бітім-болмыстарының жетістігі. Шығармашылық тұрғыда адам қиялы арқылы өңделген көркем шығарманың шоқтығы - суреткердің рухани жағынан кемелденгендігінің белгісі [1; 87].

Осы орайда композитордың бойына біткен қасиеті мен рухының асқақтығы тек дарынды дирижер ғана емес, ұлттық музыкалық аспабымыз домбырада орындаушы ретінде теңдесі жоқ дәулескер күйші дәрежесіне жетіп, өз мектебін қалыптастырғаны барлығымызға мәлім. Н.Тілендиевтің бойындағы бұл қасиеттерді кез келгенде кездесе бермейтін қайталанбас құбылыс деп танылып келеді.

Бүгінгі күні нағыз кәсіби дирижердің әдіс-тәсілдері мен тұлға ретіндегі ерекше қасиеттері жайында әңгімелер аңызға айналды десек артық болмас.

1984 жыл Алматы мемлекеттік консерваториясының төртінші курсында оқып жүрген кезім. Нұрғиса Атабайұлы басқаратын оркестр құрамына жарияланған конкурстан өтіп, «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрінің құрамына қобызшы болып қабылдандым. Аты аңызға айналған біртуар дирижердің басқаруындағы оркестрде еңбек жолын бастағанымды бағым деп санаймын.

Нұрағаның оркестрмен жұмыс жасау тәсілі басқа дирижерларға мүлде ұқсамайды, ерекше болатын. Н.Тілендиев оркестрде жұмыс барысында шығарманың ырғағын, жылдамдығын, орындау шарттарын екі қолы және саусақ қимылдарымен көрсетіп, ұжымды унисонға біріктіру тәсілдерімен баурап алатын. Орындалатын шығарманың партитура бойынша оркестрдегі аспапшылардың әр тобына нұсқау беріп, қате-кемшеліктерін көрсетіп, оны қалай орындау тәсілдерін шартты түрде жеткізеді. Әсіресе интонацияға көп көңіл аударып, бірден өз құлағын ұстап көрсетіп, таза дыбыс алудың қажеттілігін осы тәсілмен білдіретін. Оркестрдің әрбір тобына әр түрлі міндеттер қойып, шығармалардың мазмұны мен формасын түсіндіруді дағды мен үрдіске айналдыруы ерекше қасиет деп білеміз. Кейде репетиция кезінде, жұмыс барысында осындай әдістерді жеткізу мақсатындағы ойлары үлкен, қызықты әңгімелерге ұласып, көтеріңкі көңіл күйде демалып та қалатынбыз. Ол кезде жас болсақ та, Нұрағаның мінезге бай, әр уақытта шындықтың басы-қасында жүретінін сезетін едік. Оған да дәлел, ел арасында тарап кеткен ол кісі жайында аңызға айналған әңгімелер. Бірақ, оның барлығы күнделікті жұмыс барысында болатын әр түрлі шындықпен ұласып жататын жағдайлардан туындайтын.

1987 жылы «Отрар-сазы» оркестрінің іріктелген кіші тобымен, елімізге танымал әнші Нұржамал Үсенбаева, Анатолий Гайсин, Мухтар Утеуов және Нұрлан Абрахманов сынды әртістермен Австрияның Вена, Зальцбург, Пухберг қалаларында өнер көрсеттік.



Австрия, Пухберг. 1987ж.

Оркестрдің іріктелген тобы: Қ.Саденов, Жахангер, Н.Усенбаева, М.Утеуов, А.Гайсин, С.Байжанова

Осы сапарда Нұрағаның екі қобызбен барасың деп, өзі қыл қобызды қолыма ұстатты. Аз уақыт ішінде Ықыластың «Ерден» күйін дайындатқаны еріксіз еске түседі. Әрине, мамандығым прима-қобыз болғандықтан, бірден ойнап кетуге күдіктен қорқыныш басым еді. Бірақ, Нұрағаның қыл қобызды да, көрсету керек деген сенімі, аз күннің ішінде іске асты. Ықыластың әйгілі «Ерден» күйін үйреніп, өзі айтқандай, Австрия жұртшылығына екі қобызбен қазақ өнерін насихаттау мақсатында жол тарттық. Бұл жерде айтатын негізгі нәрсе, сол кезден бастап, екі аспаптың ойнау ерекшеліктерінің ұқсастығы болса да, жалпы дирижер Тілендиевтің ысқышты жүргізуде үйреткен тәсілдері осы күнге дейін әдімі дыбыс сапалылығына қолданатын шығармашылық жолында теңдесі жоқ азығыңа айналғаны қуана еске алар жайттар.



Австрия, Вена, 1987ж., екінші қатарда: қобызшы С.Байжанова

Дирижер әр аспаптың қыр – сырын қалай анық білсе, сондай айқын тазалықты барлық аспапшыдан, әр қайсымыздан талап ететін. Олай болса, Н. Тілендиевтің басқаруындағы сол кездегі оркестр үнінің әдемі, адам жанын елітетін сикырлы толқындары да, дарын иесінің табиғатынан дарыған қасиеті мен еңбегінің нәтижесі деп білемін. Өйткені, біздер аспапшылар қарапайым тек естеліктермен шектелеміз, ал, ел ішінде талай өнер танушылар, ғалымдар мен ойшылдар Нұраға туралы қаншама ұлы сөздер айтылғанын білсек те, әлі де талай таусылмайтын ізгі істердің жасалатыны болашақтың еншісінде екеніне кәміл сенеміз. Ендеше, шын өнер – мәңгілік деген осы шығар.

«Әлемде ғажайыптар болмайды деседі.. Сірә, ол солай. Бірақ, мен ғажайыптар болады дер едім. Ал соның ең бастысы – адамның өзі» - деген екен, Евгений Светланов аса көрнекті скрипкашы

Давид Ойстрах туралы [2; 173]. Расында, шынайы өмірде сол таңғажайып адамдардың қасымызда, ортамызда екенін әр кез сезіне алмаймыз, сезінсек те, үйренісіп кетеміз.

Ендеше, Нұрғиса Тілендиевтің де есімін халқымыздың маңдайына біткен еліміздің мәдени-рухани шежіресіндегі көрнекті тұлға ретінде танимыз. Ал, оның бойындағы туа біткен өнерін құбылыс десек, шығармашылығы - қазақ музыкасындағы қайталанбас белес демекпіз.

Нұрғиса Атабайұлы барша қабілет-дарынын музыкаға, халыққа қызмет жасауға арнады. Сол себебі, ел арасында: «Ол атақ-даңқ іздеген жоқ, атақ-даңқ оны өзі іздеп тапты» деген сөздің туғаны бар.

Нұраға - қазақтың маңдайына біткен дарынды дирижер - композитор, ұлы күйші. Тұңғыш рет ұлт өнерін төл музыкалық аспаптарымен оркестрлік үлгіде дыбыстау арқылы әрі қарай дамытудың тамаша үлгісін жасады.

Ол кісінің сахнадағы келбеті ерекше, оркестр алдындағы тұғырда өзін тым еркін ұстайтын. Әдеттегідей жалпы дирижерлік қатып қалған өлшемді емес, аспапшыдан бірден жауап алатындай қол қимылымен әуеннің характерін талап ететін. Нұрағаның бет пішініндегі өзгерістерді, көз, қас, қабақ қимылдарын аңдып, музыканың желісімен қалай ілесіп отырғанығызды байқамай қаласыз. Ендеше, мейлінше еркін, бір ағымда бірге тыныс алу, музыкант пен дирижердің өзара байланысындағы сырлы сиқыры осында шығар. Оркестрмен жұмыс барысында ұжыммен біте қайнасып, орындаушыларды білім шыңына жетелейтін.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында ұлт өнеріне, тарихына, мәдениет шежіресіне үлкен жаңалық болып енген «Отырар сазы» оркестрінде қазбалардан анықталған көне аспаптардың бұрауы, нота жүйесі, пернеаралық ерекшеліктеріне өзгерістер енді [3; 24]. Бұл өзгерістер де, көне аспаптарды оркестр құрамына батыл енгізген Н.Тілендиевтің аспаптық музыка, оның ішінде қазақ оркестріне енгізген жаңа бағыт-бағдары. Жаңа оркестрдің құрамына домбыра мен қобыздан басқа қазақтың көне музыкалық аспаптары жетіген, шертер, шаң-қобыз, сырнай, саз-сырнай, сыбызғы, асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, месқобыз және т.б. енген. Ел арасында «Отырар-сазы» атымен белгілі Н.Тілендиевтің жетекшілігіндегі шығармашылық ұжым аз уақыттың ішінде танымал болды.

Халықтың жүрегінен орын алған ерекше туындыларының бірі оркестрдің орындауындағы «Махамбет» поэмасы. Бұл шығарма кіші-гірім симфония сияқты қабылданады, мұнда ақынның қыран құстай қайсар үні, жалынды жырлары, батырға тән жаужүрек жігері мен қуаты естіліп тұрғандай. Дирижер Тілендиевтің сахнадағы әр концертті, тіптен әр шығарманың орындалуы бүтін бір қойылым сияқты өтетін. Өйткені, сахна йесі көрермен мен қол астындағы оркестрдің ғажайып үні арасында тылсым байланыс орната алатын. Осындай көріністерден композитор өз бойындағы шабыт еркіндігін біздерге, оркестр орындаушыларына да дарыта білгенін көреміз.

Жауынгер ақын Махамбеттің өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдыреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап- таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан [4; 6].

Шығарманы жалықпай үйрете алатын осындай ұстаздан алған дәрістеріміз бүгінде өмірлік азыққа айналуда.

Н.Тілендиевтің қобыз тобымен жұмыс кезінде ысқышпен ойналатын небір күрделі штрихтарды қол қимылымен әдемі көрсеткенде, жауабын нақты жеткізу әр орындаушыны ерекше сезімге бөлері шартты үрдіске айналған-ды. «Махамбет» поэмасындағы қобыз партиясындағы штрихтарды композитордың өзі талап етіп үйреткен мәнерде жеткізу шеберлікті қажет етеді. Шығармада қым-қиғаш оқиғалар сияқты, соғыс эпизоды асқан шеберлікпен бейнеленген халық көтерілісінің «аттандаған» ұраны, шамырқана шапқан арғымақтың тұяқ дүбірі, кескілескен семсер мен найзаның үні естіледі.

Кейін университетте өткізген шеберлік сыныпта фортепианоның сүйемелдеуінде қобыз партиясын орындау тыңдарманды ыстық ықпалға бөлеген-ді. Осылайша, ұлы дирижер - композитордың алдын көріп, жалпы шығармашылық бағытта дамуға мүмкіндік алғанымды бағым деп санаймын.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби жазғандай: «Музыка – жақсы мінез-құлықты, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойындағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді» [5;19]. Әлемде кез келген халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келген өзіне тән ұлттық мәдениеті мен тарихи-

этнографиялық ерекшеліктері болады. солардың басты бір арнасы – музыка. Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайыбы. Ендеше, әңгімемізге арқау болып отырған аспаптық музыка арқылы адамзаттың жан сырын, берік сенімін, атойлаған серпінін, өмір мен өлім арасындағы тебіренісін паш ететін ұлт аспаптар оркестрлерінің ролі ерекше. Осы орайда, Н.Тілендиевтің оркестр құрамындағы әр аспапты сөйлете білгені, тек қана «оранжировка», «оркестровкамен» шектелмей, бойындағы барлық талант пен мүмкіншіліктерін пайдаланып, музыка жазды.

«Артуро Тосканини деген есімі аңызға айналған италияндық дирижер болғаны музыка тарихынан белгілі. Ол, әрине, әлем таныған ұлы дирижер. Ал біздің қоғамда, әсіресе қарапайым ауыл қазағы үшін, ел ішінде дирижер ретінде алдымен ауызға аңыздай алынатын есім – Нұрғиса» - деп, жазған Ж.Шәкәрім өзінің Тілендікеліні Дариғамен бірлесіп жазған кітабында [6; 159].

Шындығында, сегіз қырлы бір сырлы адам деп, оның өнерін айтамыз. Нұрағаның бойындағы қасиеттерін айтып тауысу мүмкін емес, дирижер ғана емес, композитордың домбрашылығы тіптен басқа әңгіме.

Мысалы, осы тұрғыда әйгілі дирижер Тосканини туралы білетінімізді тұжырымдасақ, оркестрмен жұмыс кезінде бәрін ұмытып, өзіне де, оркестр мүшелеріне де ешқандай аяныш білдірмеген. Наразылығын білдіріп, айқайлап, таяқшасын сындырады, өз қажетінше музыканттардан жауап алғанша сол фразаны сонша рет қайталантқан деседі. Ұлы суретші музыканттардың жан сезімін бір «күйге келтіруді» осылайша іске асырды, талап етті.

Ендеше, қазақтың да маңдайына біткен аңыз адам, ерекше өнер иесі, аруақты дирижер туралы еліміздің зиялыларынан артық айтып жеткізу мүмкін емес. Нұраға оркестрмен жұмыс жасағанда уақыттың калай тез өткенін байқамай қалатынбыз. Әйтсе де, қызықты оқиғаларға толы әңгімесін тыңдауға кезекті үзілісті де, асыға күтетінбіз. Кейде шығарманың шарықтау шегіне жеттер жетпестен, кенеттен тоқтатып тастап, шылымын әлсін-әлсін тұтатып, ұзақ әңгімесін бастап кететін. Сол кезде жастықпен өте мән бермей тыңдайтын болармыз. Дегенмен, сөзге шеберлігін, тереңнен қозғайтын философиялық тұжырымдарын сезінбеу мүмкін емес еді. Көбінесе композиторлар жайлы, әсіресе М. Төлебаев туралы көп айтатын.

Ж. Шәкәрім өз кітабында: «Біздің атамыз да, әкеміз де, ұлы адамымыз да профессионал композитор Мұқан Төлебаев. Екеуіміз Мәскеуде бірге оқыдық. Ол сабақ алып отырғанда жанында отыратынмын. Мен композиторлықты бітірген жоқпын, дирижерлікті бітірген адаммын. Нұрғиса композиторлықты бітірмепті деген әңгіме шығып жүргені сол» - деп, композитордың өз аузынан естіген сөздерін жазған. Ол кісінің пір тұтып тамсана айтатын ұлылары аз болған жоқ.

Шынында да, М.Төлебаев қысқа ғана ғұмырында қазақтың кәсіпқой музыкалық мәдениетін қалыптастырды. «Біржан мен Сара» операсы Мұқан Төлебаевтың аңызға айналған туындысы ғана емес, қазақтың XX ғасырдағы музыкалық мәдениетінің ең көрнекті табыстарының бірі. Операсы өзінің полифониялық болмысына қарамастан, ұлттық нәрі құнарлы, нағыз өнердің табиғатына тән төлтумалық туынды [7; 24].

Әр уақытта дирижердің өз аузынан естуімізше, «Баламишканы» Қатшыбай домбырашыдан үйрендім дейтін. Бірақ, ол кісі әр концертте сахнадағы көңіл күйіне қарай, шығарманы сәл өзгертіп ойнайтынын әр кез сезетінбіз. Осы орайда, бұл шығарма композитордың домбраның сарыны мен сырына бейімдеп орындауы, шеберлігінің әбден шыңдалғандығы екенін түсінесіз.

Қорыта айтқанда, Нұрғиса Тілендиевтің бірегей дирижерлік тұлғасы жайлы ойымды Мырзатай Жолдасбековтің мынадай қанатты сөздерімен түйіндемеппін: «Нұрғиса Тілендиев – қазақ даласын сахнаға айналдырып, сазға бөлеген жасампаз; музыка өнерінің ашылмай кеткен жұмбағы, шешілмей кеткен сыры; таусылмайтын кені, тот баспайтын асылы, сарқылмайтын бұлағы, сөнбейтін шырағы, талмайтын пырағы, қалқайған құлағы; лапылдаған жүрегі, құламайтын тірегі, ақиқат шындығы, асқақ үні; алтын дінгегі, мінсіз ұстасы; өшпейтін өнегесі, азбайтын рухы; әннің тіккен туы, асқар тауы, күйдің соққан желі, қара дауылы, ақ бораны; мауқымызды басқан, әні елге ем болған балгер; бармағынан бал тамған арқалы домбырашы, кеудесінен күй қоздаған күй – құдірет».

Иә, Нұрғиса Тілендиев расында да осындай тұлға болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қарамолдаева Д.О., Көпбаев А.М, Аманқұлова Л.Ә. Көркемөнер саласының ұлы отан соғысы жылдарындағы даму жолы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. №6 (54) 2014.
- 2 Светланов Е. Музыка сегодня. Москва: Изд. Советский композитор, 1976.
- 3 Темірғалиев Ж. Қазақ оркестрін аспаптандыру. Алматы: Әуен баспасы, 2010.
- 4 Доскен Ғ., Қанапиянов Б., Раушан Е., Шапай Т. Алматы: Жібек жолы баспа үйі, 2002.
- 5 Әл-Фараби. Музыканың ұлы кітабы. Астана, 2008.
- 6 Шәкәрім Ж., Тілендіқызы Д. Алматы: Қазақстан. 2003.
- 7 Ахметова М. Композиторы Казахстана. Алма-Ата: Жалын, 1978.

ДИРИЖЕРСКОЕ НОВАТОРСТВО В ТВОРЧЕСТВЕ НУРГИССЫ ТЛЕНДИЕВА

С.М. Байжанова¹

¹ст. преподаватель,

Казахский государственный женский педагогический университет,
Казахстан, г.Алматы, e-mail: saule_moldahmetovna@mail.ru

Статья раскрывает наряду с творческой деятельностью композитора, его великолепный облик дирижера. Описывается индивидуальность и самобытность искусства выдающегося дирижера, его личные качества, как уникального человека, выраженные в воспоминаниях. Рассматриваются методы и особенности его дирижирования, его величайший вклад в сокровищницу национальной культуры.

Ключевые слова: дирижер, оркестр, прима-кобыз, домбра, штрих, композитор, творчество

THE CONDUCTOR INNOVATION IN THE WORK OF NURGISSA TLENDEV

С.М. Baizhanova¹

¹senior teacher,

¹Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan, email: saule_moldahmetovna@mail.ru

Besides the creative activity of the great composer the article opens his magnificent figure as a conductor also. The individuality and original art of an outstanding conductor, his personal quality of a character as an unique person expressing in memoirs ,are described in the article. The author describes his methods and features of conducting, his outstanding contribution into treasury of national culture.

Key words: Conductor, orchestra, prima-kobyz, dombra, stroke, composer, creativity